

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
(бұдан әрі – Қоғам) акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
материалдары
2015 жылдың 13 ақпаны 10 сағат 30 минут**

Мәжілістің күн тәртібі:

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Берлібаев Данияр Әмірбайұлының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.
2. Кристофер Саймон Хопкинсон Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттігінің тұтастай алғандағы мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы.

1. Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады. Соған байланысты, акционерлердің жалпы жиналысына Директорлар кеңесінің мүшесі Д.Ә. Берлібаевтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылады.

Шешім:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Берлібаев Данияр Әмірбайұлының өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылсын.

2. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы

2014 жылдың 18 қарашасында Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 10.6-тармағына, 12.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне «Кристофер Саймон Хопкинсон Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттігінің тұтастай алғандағы мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы» мәселе енгізілді.

2014 жылғы 26 желтоқсанда Қоғам ірі акционер - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Кристофер Саймон Хопкинсон Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы ұсынысы бар өтінімін (№101-26/6412 26.12.14ж. хат) алды.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады. Осығай байланысты, акционерлердің жалпы жиналысына К.С. Хопкинсон Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау ұсынылады.

Кандидат туралы мәлімет (Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес) қоса беріліп отыр.

Шешім:

Кристофер Саймон Хопкинсон тұтастай алғанда Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне
кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Кристофер Саймон Хопкинсон
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы (ірі акционер)
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғамның акцияларының саны: жоқ
- 4) Білімі туралы мәлімет:
St Andrews University, St Andrews, Шотландия, Бірлескен Корольдік
- 5) Қоғамға аффилирлендірілгені туралы мәлімет: жоқ

- 6) Кандидаттың соңғы бес жылдағы жұмыс орындары мен басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
 - 02.04.2014 ж.«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы Төрағасының Бірінші орынбасары;
 - 12.04.2011 – 12.03.2014 жж. «International Petroleum» бас директоры, Лондон, Ұлыбритания;
 - 01.10.2010 – 12.04.2011 жж. Солтүстік Африкадағы «BG Group Reading» Аға Вице-Президенті, Ұлыбритания;
 - 01.10.2009 – 01.08.2010 жж. Батыс Сібірдегі «ТНК-ВР» Вице-Президенті, Мәскеу, Ресей;
 - 01.09.2006 – 05.06.2009 жж. «Imperial Energy Group» Бас директоры , Imperial Energy, Томск, Ресей.
- 7) Кандидаттың Қоғамның аффилирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы ақпарат: жоқ.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталуының болуы туралы ақпарат: жоқ.
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісуі туралы мәлімет:
Келіседі.